КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 30 қаңтар №5265-26-00-2/71 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.К.Кенжебаева оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шымкент қаласының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Кайнашов» атынан Кайнашов Алмас Тұрысханұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шымкент қаласының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Кайнашов» атынан Кайнашов Алмас Тұрысханұлыны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Кайнашов» атынан Кайнашов Алмас Тұрысханұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Кайнашов» атынан Кайнашов Алмас Тұрысханұлынан мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық айыппұл 92 411 (тоқсан екі мың төрт жүз он бір) теңге тұрақсыздық айыппұл және мемлекеттік баж 4 935 (төрт мың тоғыз жүз отыз бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішіндеШымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласыныңмамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **Ж.К.Кенжебаева**

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 30.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 09.03.2026, судья Кенжебаева Ж. К., 05.04.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5265-26-3-1/18